

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы «Лингвистика»  
бойынша философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор дәрежесін алу  
үшін дайындалған диссертацияларды қорғау бойынша диссертациялық  
кеңестің 2021 жылғы жұмысының  
ЕСЕБІ

Диссертациялық кеңестің төрағасы филология ғылымдарының докторы Ж.Қ. Ибраева әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректорының 2019 жылғы 18 ақпандағы бұйрығымен бекітілді.

Диссертациялық кеңеске келесі мамандықтар бойынша диссертацияларды қорғауға қабылдауға рұқсат берілді:

6D021300 – лингвистика;

6D020700 – аударма ісі;

6D020900 – шығыстану (филология ғылымдары);

6D021200 – түркітану.

1. Өткізілген мәжілістердің саны – 4 (тағайындау, сараптама, қорғауға қабылдау, диссертацияны қорғау).

2. Мәжілістердің жартысынан азына қатысқан кеңес мүшесі, 1 – 12 сағаттық уақыт айырмашылығына байланысты У. Риверс (Вашингтон, АҚШ).

3. Оқу мекемелері көрсетілген докторанттардың тізімі:

№	Докторанттың ТЕӘ	Мамандықтың шифры және атауы	Оқу мекемесі
1	Аккузова Айнур Абдыжалиловна	6D021300 – лингвистика	А. Байтұрсынов ат. Тіл білімі институты
2	Жумабаева Айгерм Амырбековна	6D020900 – шығыстану (филология ғылымдары)	Р.Б. Сүлейменов ат. Шығыстану институты

4. Есеп беріліп отырған жылда кеңес қарастырған диссертациялардың қысқаша талдануы, келесі бөлімдерге мән берілді:

**Қарастырылған жұмыстардың тақырыптарын талдау, диссертация тақырыптарының ұлттық мемлекеттік бағдарламалармен, сонымен қатар мақсаттық республикалық және аймақтық ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалармен байланысы**

Кеңесте қарастырылған диссертациялар А. Байтұрсынов ат. Тіл білімі институты, Р.Б. Сүлейменов ат. Шығыстану институты және Түріксой кафедрасында дайындалған салалық бағдарламалардың аясында орындалды: «Салыстырмалы-типологиялық аспектідегі тілдің негізгі бірліктері», «Латын әліпбиінің негізінде қазақ жазуының жаңаруының лингвистикалық базасының әзірленуі». Сонымен қатар, диссертациялардың тақырыбы, мақсаты, міндеттері «Рухани жаңғыру» және «Мәдени мұра» секілді ҚР жетекші мемлекеттік бағдарламалары мен реформаларының міндеттерімен тілкелей байланысты.

А.А. Аккузованың «Антропоөзектік парадигма: көркем мәтіннің коммуникативтік-прагматикалық әлеуеті (Д. Исабеков шығармаларының негізінде)» диссертациялық зерттеуі антропоөзекті парадигма аясындағы көркем мәтіннің прагматикалық әлеуетін зерттеуге арналды. Жұмыста ұлттық құндылықтар прагматикалық сипаты тұрғысынан қарастырылды, Д. Исабеков шығармаларының тіліне прагмалингвистикалық талдау жасалды.

А.А. Жумабаеваның диссертациялық зерттеу объектісі «Ырық Битиг» атты қолжазба шығармасы болып табылады. Жұмыстағы тың тәсілдердің бірі – «Ырық Битиг» мазмұны ұқсас басқа болжау мәтіндерімен салыстыра зерттеу; тілдік-мәдени мағыналық жүкті көтеретін «сөз таңбаларын» анықтау негізінде Шыңжаң халқының дүниетанымы мен наным-сенімінің таралуына жан-жақты талдау жасалды; қолжазбаның транслитерациясы орындалды, «Ырық Битиг» мазмұнын ашатын ғылыми түсініктемелер енгізіліп, «Сәуегей кітабының» мәтіні орыс тіліне аударылды; ғылыми ортада практикалық қолдану үшін түсініктемелері бар «Ырық Битигтің» түпнұсқаға бейімделген нұсқасының мәтіні негізінде; глоссардың негізінде алғаш рет «Ырық Битиг» кітабына үш тілді көне түркі-орыс-түрік сөздігі құрастырылды.

**Жұмыс нәтижелерін, нақты жұмыс ұсыныстарын кең түрде енгізу бойынша қарастырылған ғылыми нәтижелерді пайдалану деңгейін талдау**

А.А. Аккузованың диссертациясында жеті ғылыми тұжырым ұсынылды, олар республикалық және шетелдік ғылыми басылымдарда 10 мақала түрінде жарық көріп, халықаралық және республикалық ғылыми-теориялық конференцияларда баяндалды. Оның ішінде Scopus деректор қорына енген журналда 1, ҚР БЖҒМ БҒССКК ұсынған журналдарда 5 мақала, шетелдік басылымда 2, отандық халықаралық конференция материалдарында 2 мақала жарық көрді.

А.А. Аккузованың диссертациясының қорытындылары мен нәтижелерін жоғары оқу орындарындағы оқу үдерісінде лексикология, стилистика, мәтін лингвистикасы, прагмалингвистика бойынша өткізілетін дәрістерде, жазушы тілін зерттеу мәселелері бойынша өткізілетін арнайы курстар мен арнайы семинарларда, көркем әдеби шығармаларды зерттеуде пайдалануға болады. Сонымен қатар зерттеудің практикалық маңыздылығы оның нәтижелерін магистерлік, дипломдық және курстық жұмыстарды жазған кезде, сондай-ақ қазақ тілін оқыту практикасында қолдану мүмкіндігінен шығады.

А.А. Жумабаеваның зерттеудің ғылыми-практикалық маңыздылығы «Ырық Бітіг» (Бал ашатын кітап) жазба ескерткіші (Or. 8212) жөніндегі материалдар мен қорытындылар туралы кейінгі зерттеулерді дайындауда және Шыңжаң (IX-X ғғ.) және жалпы Шығыс халықтарының мәтіндері үшін дүниетаным мен діндерді зерттеуде қолдануға болатынында болып табылады. Зерттеудің негізгі нәтижелері төрт ғылыми баяндамада және халықаралық конференцияларда баяндамалар тезистерінде сыналды. Диссертация тақырыбы бойынша орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде тоғыз ғылыми мақала жарияланған: Scopus индексі бар ғылыми журналдарда екі жарияланым, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда төрт мақала.

## 5. Рецензенттер жұмысын талдау (сапасыз пікірлердің мысалымен)

Диссертациялық жұмыстар туралы пікірлерді ресми рецензенттер уақытылы ұсынып отырды. Барлық рецензенттердің пікірлері ҚР БҒМ БҒСБК талаптарына сай келеді. Диссертациялар туралы пікірлер оң болды.

Рецензенттер тарапынан формалды, сапасыз қарым-қатынас фактілері анықталмады.

## 6. Ғылыми кадрларды дайындау жүйесін әрі қарай жетілдіру бойынша ұсыныстар

Қазақстандық жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі шетелдік жоғары оқу орындарының үздік білім беру үлгілерін қабылдай отырып, күрделі реформалану сатысынан өтіп жатқаны белгілі. Көптеген шетелдік жоғары оқу орындары 4 жылдық PhD докторанттарын дайындау тәжірибесін пайдалануда. Қазақстанда докторантурада оқу, диссертацияны, индекстелетін мақалаларды жазу мерзімі үш жылды қрайды, осындай аз мерзім ішінде зерттеудің сапалы, шынайы, негізді тұжырымдары мен нәтижелерін жинау, өңдеу және ұсыну өте қиын. Диссертациялық кеңес докторантура мерзімін 4 жылға ұзартуды ұсынады.

## 7. Философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияларды қарастыру деректері

	Мамандық шифры және атауы			
	6D021300 – лингвистика	6D020900 – шығыстану (филология ғылымдары)	6D021200 – түркітану	6D020700 – аударма ісі
Қарастырудан алынып тасталған диссертациялар	–	–	-	–
Соның ішінде, диссертациялық кеңес алып тастаған диссертациялар	–	–	-	–
Рецензенттер жағымсыз пікір білдірген диссертациялар	–	–	–	–
Қорғау нәтижесі бойынша оң шешім шығарылған жұмыс	1	1	-	-
Соның ішінде, өзге оқу мекемесінен	-	–	–	–
Қорғау нәтижесі бойынша теріс шешім шығарылған жұмыс	–	–	–	–

Соның ішінде, өзге оқу мекемесінен	—	—	—	—
Қорғалған диссертациялардың жалпы саны	1	1	—	—
Соның ішінде, өзге оқу мекемесінен	—	—	—	—

Диссертациялық кеңестің төрағасы

Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы

2021 ж. 30 желтоқсан



Ж.Қ. Ибраева

Л.М. Шайкенова